

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5191 болып енгізілді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.09.2018 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Колданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгілік қағидалары;

3) алғып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.09.2018 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.01.2017 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.09.2018 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. "Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудан, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі № 481 бүйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4394 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Тұймебаев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2008 жылғы 18 наурыздығы  
№ 125 бүйрығына 1-қосымша

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары**

**Ескерту. Үлгі қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;

3) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау - бұл жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабак барысында педагог жүргіzetін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру;

4) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушыларды қорытынды аттестаттау - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 604 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі - МЖМБС) қарастырылған оқу пәндерінің көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім:

6) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортак тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

7) модерация – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі;

8) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

9) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

## **2-тaraу. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізуіндің тәртібі**

3. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

4. Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу мен сабакта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады.

5. Формативтік бағалау кезінде мұғалім сабакта кері байланысты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың санын, кері байланысты беру нысанын және жиілігін дербес анықтайды.

6. Формативті бағалау нәтижелері басып шығару мен одан әрі сақтауды талап етпейді.

Формативті бағалау нәтижелерін ұсыну білім алушылардың орындалған жұмыстарында және/немесе электронды журналдарда балл түрінде жүзеге асырылады, қажет болған жағдайда мұғалім түсініктемелер енгізеді.

7. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортак тақырып) аяқталғаннан кейін оку материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

1-сыныпта білім алушылардың оку жетістіктері бағаланбайды.

8. Формативті бағалау, бөлім/ортак тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оку жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

9. БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

10. БЖБ және ТЖБ қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оку тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеуі есептелмейді.

11. Аптасына 1 сағат оку жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартышылдыққа қойылады.

12. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зerdelegен жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

13. Оку пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оку пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

14. Үйде оқытын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқытын білім алушылардың оку жүктемесін және олардың оқып-зerdelegен оку материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

15. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оку бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді.

16. "Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау", "Алғашқы ескери және технологиялық дайындық", "Зайырлылық және дінттану негіздері" және бастауыш мектепте "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартышылдық және оку жылшының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жок") деген белгі жазылады.

17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары) таңдау кезінде 10-11-сыныптарда қысқартылған оқу жүктемесі бар инвариантты компоненттің тереңдетілген және стандартты деңгейінің пәндерін таңдау кезінде "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" оқу пәндерінен басқа пәндер бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының сонында "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады.

18. Қысқартылған оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарларын таңдаған жағдайда БЖБ саны 11-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

Вариативті компонент есебінен таңдалған 7-9-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының сонында "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады.

19. Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

20. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып өзі дайындаиды.

21. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабактың барысында жүргізіледі.

22. Даулы мәселелер туындаған жағдайда білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілікті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін және/немесе педагогикалық кеңестің шешімімен педагогтер қажет болған жағдайда, ТЖБ бағасы қойылғанға дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізеді.

Балдары өзгерітуі тиіс болатын білім алушылардың тоқсандағы жиынтық жұмыстарының модерациясы жүргізілген жағдайда олар қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша ТЖБ үшін балл өсу жағына да, азаю жағына да өзгереді.

23. Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға,

олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады.

Ағымдағы тоқсан/жартыжылдық аяқталғанға дейін Жиынтық жұмыстарды тапсырмадан жағдайда білім алушыға жиынтық жұмыстарды тапсырғанға дейін "уақытша аттестатталмады" деген белгі электронды журналда қойылады. Тапсыру қорытындысы бойынша төртінші/жартыжылдық баға қойылады.

24. БЖБ және ТЖБ қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

25. Ағымдағы жылғы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

26. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

27. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың занды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі.

28. Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдық баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылады.

29. Баланың ата-анасының немесе занды өкілдерінің өтініші бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде қайта оқу жылғы ұсынылған білім алушыларды қоспағанда, 1-сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылмайды.

1-сыныпта баланы қайта оқыту педагогикалық кеңестің шешімімен ресімделеді.

30. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылғының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

31. Бір немесе екі пәннен "2" бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес жүргізілетін оқу жылғындағы материал мазмұнын қамтитын жиынтық бағалау оқу жылына ұйымдастырылады.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

Үш немесе одан да көп пәннен "2" бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары қайта оқуга орнында қалдырылады.

"3", "4", "5" бағаларын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

32. Бір немесе екі оқу пәнінен қайта "2" бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары, осы пәндерден қосымша жиынтық бағалаудан өткізіледі.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқылы қойылады.

Қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылшының басына дейін өткізіледі.

Қосымша жиынтық бағалаудан "2" деген баға алған жағдайда, білім алушы сол сыныпта оқуға орнында қалдырылады.

33. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

34. Білім алушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директордың қолымен және мектеп мөрімен расталып, білім алушының жеке іс қағазымен беріледі.

Білім алушы бұрын қандай да бір пән оқытылмаған мектептен ауысқан жағдайда "тоқсан үшін баға" бағанына "оқытылмаған" белгісі енгізіледі. Бұл жағдайда білім алушыға оқу пәні бойынша жылдық баға осы пәнді оқу кезінде одан әрі ағымдағы оқу жылшында алғынған тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады.

### **3-тарау. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі**

35. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) 9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;
- 2) 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

36. 1-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

37. Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

38. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгерген 9 (10) сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.

39. 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) қазақ/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл

пәндерін төрөндөтіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

- 2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
- 3) орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан.

40. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оку бағдарламаларын менгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

41. 11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) қазақ/орыс тілі бойынша және өзбек/үйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан;
- 2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;
- 4) орыс, өзбек, үйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан;

5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) жазбаша емтихан.

42. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттардың 11-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау жазбаша емтихан нысандарда өткізіледі:

- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша (оқыту тілі);
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша.

43. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттардың 12-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) Қазақстан тарихынан тестілеу;
- 2) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу;
- 3) білім алушының таңдауы бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу.

44. 9 (10) сынып білім алушылары үшін емтихан материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары (бұдан әрі – білім басқармалары), орта білім беру

ұйымдарының 11 (12) сынып білім алушылары үшін, сондай-ақ республикалық мектептердің 9 (10) және 11 (12) сыныптар білім алушылары үшін емтихан жұмыстарының материалдарын "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйимы (бұдан әрі – "НЗМ" ДББҰ) дайындауды.

Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) "НЗМ" ДББҰ өзірлеген емтихан материалдары мазмұнының сапасына тәуелсіз бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

ҰТО емтихан материалдарының электрондық нұсқаларын қорғалған арналар арқылы білім басқармаларына және республикалық білім беру үйимдарына жібереді.

Қорытынды атtestаттаудың мазмұнын анықтайтын талаптар және күтілетін нәтижелер әр пән мен оқыту тілі бөлінісінде ерекшелікпен регламенттеледі.

45. Жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" атtestатын алуға үміткерлер үшін осы Қағидалардың 41-тармағының 2) тармақшасында айқындалған оқу пәні бойынша қорытынды атtestаттау білім беру қызметін жүзеге асыратын "НЗМ" ДББҰ филиалдарының базасында (бұдан әрі – "НЗМ") өткізіледі.

46. Бір және екі пәннен (қорытынды атtestаттау өткізілмейтін) жылдық қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушыларына қорытынды атtestаттау басталғанға дейін сол пәндерден оқу жылы бойынша қосымша жиынтық бағалау жүргізіледі.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "3", "4", "5" бағасын алған кезде қорытынды баға жылдық бағаның орташа арифметикалық мәні және жақын бүтін санға дөңгелектене отырып, оқу жылына жиынтық бағалау ретінде қойылады.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "2" бағасын алған 9 (10) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіберілмейді, қайта оқу жылына қалдырылады.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "2" бағасын алған 11 (12) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіberілмейді және "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру үйимдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бұйрық) бекітілген нысанға сәйкес білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама алады.

Уш және одан да көп пән бойынша "2" бағасын алған 9 (10) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіberілмейді және қайта оқу жылына қалдырылады.

Үш және одан да көп пән бойынша "2" бағасын алған 11 (12) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіберілмейді және № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес анықтама алады.

47. Бір және екі пәннен (қорытынды атtestаттау өтіletіn) жылдық қанағаттанарлықсыз бағалары бар 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды атtestаттау басталғанға дейін осы пәндер бойынша оқу жылы үшін қосымша жиынтық бағалаудан өтеді.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "3", "4", "5" бағасын алған кезде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шәкіл бойынша) және оқу жылы үшін қосымша жиынтық бағалау (бес балдық шәкіл бойынша) үшін 30-дан 70-ке пайыздық арақатынаста қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізіледі.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "2" бағасын алған 9 (10) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіberілмейді және қайта оқу жылына қалдырылады.

Оқу жылына қосымша жиынтық бағалауда "2" бағасын алған 11 (12) сынып білім алушылары қорытынды атtestаттауға жіberілмейді және № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес анықтама алады.

48. Білім алушыларды "Көркем еңбек", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" және "Дене тәрбиесі" оқу пәндерінен Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіpte босату олардың үлгеріміне, қорытынды атtestаттауға жіберуге келесі сыныптарға көшіруге әсер етпейді.

49. Негізгі орта білім туралы атtestатқа қосымшаға енгізіletіn оқыған пәндерден "5" " деген бағасы бар 9 (10) сынып біtіruшілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік атtestат беріледі.

50. Жалпы орта білім туралы атtestатқа қосымшаға енгізіletіn пәндерден "5" болған және 10 (11) - 11 (12) сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары "5" болған 11 (12) сынып біtіruшілеріне № 39 бұйрықпен бекіtіlген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік атtestат беріледі.

51. Жалпы орта білім туралы атtestатқа қосымшаға енгізіletіn пәндерден "5" болған және жылдық, қорытынды бағалары "5" болған 11 (12)-сынып біtіruшілеріне № 39 бұйрықпен бекіtіlген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік атtestат беріледі.

52. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 532 бұйрығымен (бұдан әрі - №532 бұйрық) (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzілімінде № 10115 болып тіркелген) бекіtіlген "Алтын белгі" белгісі туралы ережесі 2-тармағының

талаптарына сай 11 (12) сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" атtestаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

53. Үлгілі мінез-құлық танытқан және 5-11 (12) сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болған және жалпы орта білімі бойынша қорытынды атtestаттаудан, оның ішінде "НЗМ" ДББҰ базасында осы Қағидалардың 41-тармағының 2) тармақшасында айқындалған оқу пәні бойынша "5" деген бағаға өткен 11 (12) сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" атtestаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

54. "НЗМ" ДББҰ білім беру бағдарламалары бойынша оқуларын аяқтаған бітірушілерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес "НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқу нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру негізінде ҰБТ сертификаттары беріледі.

55. Қорытынды атtestаттаудың нәтижесі бойынша:

1) бір немесе екі пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары мектепте тиісті оқу пәндері бойынша емтихан нысанында қайта қорытынды атtestаттаудан өтуге жіберіледі;

2) үш және одан көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалар алған 9 (10) сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады;

3) үш және одан көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалар алған 11 (12) сыныптың білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама беріледі.

Келесі оқу жылы аяқталғаннан кейін № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама алған білім алушылар мектепте тиісті оқу пәндері бойынша емтихан нысанында қайта қорытынды атtestаттаудан өтеді

56. Қайта қорытынды атtestаттау өткізу мерзімін білім беру үйімі белгілейді.

57. Қайта қорытынды атtestаттаудың емтихан материалдарын білім басқармалары өзірлейді.

Қайта қорытынды атtestаттаудан өткен 9 (10) сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы атtestат беріледі.

Қайта қорытынды атtestаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған 9 (10) сыныптың білім алушылары қайта оқу жылына қалдырылады.

Қайта қорытынды атtestаттаудан өткен 11 (12) сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы атtestат беріледі.

Қайта қорытынды аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған 11(12) сынып білім алушыларына № 39 бүйрықпен бекітілген нысанға сәйкес білім ауды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманы алады.

58. 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бүйрықтарымен, республикалық мектептердің білім алушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бүйрығымен мынадай жағдайларда босатылады:

- 1) денсаулық жағдайына байланысты;
- 2) I - II топтағы мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысуышылар, халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер ;
- 4) жақын туыстарының қайтыс болуы.

59. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан босату туралы бүйрықтар мынадай құжаттар негізінде шығарылады:

1) осы Қағидалардың 58-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушылар санаты үшін "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрық) бекітілген № 026/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

2) осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген білім алушылар санаты үшін мектептің педагогикалық кеңесінің шешімінен көшірме және мектептің қолдау хаты;

3) осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген білім алушылар санаты үшін "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 20317 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес білім алушының оқу үлгерімі туралы табелінің (бұдан әрі – табель) телнұсқасы және көшірмесі. Табельдің түпнұсқасы оның көшірмесімен сәйкестігі тексерілгеннен кейін мектеп әкімшілігіне қайтарылады.

- 4) жақын туыстарының қайтыс болуы туралы куәлік.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталады.

Қорытынды аттестаттаудан босатылған білім алушылардың қорытынды аттестаттауы ағымдағы оқу жылдарының жылдық бағасы негізінде жүргізіледі.

60. Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары сауыққаннан кейін өткізіп алған емтихандарды тапсырады.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциямен ауырғандармен байланыста болған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды бітіру емтиханын білім беру ұйымы белгілеген мерзімде тапсырады.

Осы Қағидалардың 41-тармағының 2) тармақшасында айқындалған оқу пәні бойынша қорытынды аттестаттау өткізу кезеңінде ауырып қалған жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткер сауыққаннан кейін өткізіп алған емтиханды "НЗМ"-де "НЗМ" ДББҰ-да айқындалған мерзімде тапсырады.

61. Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары сауыққаннан кейін өткізіп алған емтихандарды тапсырады.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциямен ауырғандармен байланыста болған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды бітіру емтиханын қашықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып тапсырады.

62. 9 (10), 11 (12) сыныптардың бітірушілерін мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға білім алушылар шетелге оқуға түсken немесе тұрғылықты орнын шетелге ауыстырған жағдайда, растайтын құжаттарын ұсынған кезде жіберіледі және ол оқу жылының аяқталуына дейін 2 ай бұрын қорытынды бітіру емтихандары немесе мемлекеттік бітіру емтихандары нысанында өткізіледі.

9 (10) және 11 (12) сынып бітірушілерін мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауды білім беру ұйымдары жүргізеді. Жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткер мерзімінен бұрын аттестаттауды "5" бағаға тапсырған жағдайда білім беру ұйымдары № 39 бүйрекпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат береді.

Мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттауға арналған емтихан материалдарын білім басқармалары әзірлейді.

63. Халықаралық алмасу бағдарламалары бойынша олардың толық оқу курсы кезеңінде білім алушылар халықаралық алмасу желісі бойынша аяқтағанға дейін оқыған Қазақстан Республикасы мектептерінің контингентіне есептеледі.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға барған 11 (12) сынып түлектері 11 (12) сынып үшін қорытынды аттестаттаудан білім беру басқармалары әзірлеген емтихан материалдары бойынша шетелде окуын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының мектептерінде өтеді.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін мектептегі комиссияның шешімімен аталған бітірушілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрекімен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінің пәндері бойынша шетелде оқымаған пәндерінен аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды аттестаттау өткізу мерзімі педагогикалық кеңес шешімімен белгіленеді.

Қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін оларға шетелде оқыған пәндерден алған бағаларын, Қазақстан Республикасының мектептерінде алдыңғы сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағаларын есепке ала отырып, № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

64. Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және Қазақстан Республикасында немесе шетелде оқыған кезінде жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден "5" және 10 (11) - 11 (12) сыныптарда барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары "5" болған 11 (12) сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және шетелде білім үйимын аяқтаған, № 532 бұйрығымен 2-тармағының талаптарына сай білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

65. Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және сол жақта білім беру мекемелерін бітірген, сондай-ақ жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден "5" және жылдық, қорытынды бағалары "5" болған 11 (12)-сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелге оқуға шыққан және сол жақта білім беру мекемелерін бітірген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында немесе шетелде 5-11 (12) сыныптар аралығында оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары "5" болған және қорытынды аттестаттаудан "5" деген бағаға өткен тулектерге № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

66. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға және жеке оқу бағдарламасы бойынша оқытын білім алушыларға қорытынды аттесттау өткізу қажеттілігі туралы мәселені білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес шешеді.

Арнайы білім беру үйимдары мен жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған қорытынды аттестаттаудың емтихан материалдарын аудандық, қалалық білім бөлімдері немесе білім басқармасы әзірлейді.

67. 9 (10) сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – 2 астрономиялық сағат, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – 3 астрономиялық сағат (физика-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді.

68. 11 (12) сыныпта қазақ тілі /орыс тілі және үйғыр/ тәжік/ өзбек тілінде оқытатын мектептер үшін ана тілі бойынша (оқыту тілі) жазбаша емтиханға 3 астрономиялық сағат, алгебра және талдау бастаулары бойынша 5 астрономиялық сағат бөлінеді.

Қорытынды аттестаттаудан өтетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мектептің ұсынымдарына сәйкес Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) шешімімен емтихан тапсыру кезінде қосымша уақыт беріледі.

69. Жазбаша емтихандар 9 (10) және 11 (12) сынып білім алушылары бір-бірден отырғызылатын үлкен сынып бөлмелерінде (бір партага бір білім алушысы отырғызылып толық сынып сиятында мектеп ғимаратындағы үлкен бөлмеде) өтеді.

Жазбаша жұмыстарды орындау үшін білім алушыларға мектептің мөртабаны басылған қағаз беріледі.

Орындалған жұмысты жоба жазбаларымен бірге білім алушылар Комиссияға тапсырады.

Жұмыстарын емтиханға арналып бөлінген уақыт ішінде аяқтай алмаған білім алушылар аяқталмаған қалпында тапсырады.

70. Жазбаша емтихан өткізу кезінде (диктанттан басқа) білім алушыға дәлелді себеппен сынып бөлмесінен шығуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ол жұмысты емтихан жұмысында немесе тіркеу журналында білім алушының емтиханда болмауының ұзақтығын белгілейтін Комиссия мүшесіне тапсырады.

71. Жазбаша емтихан және тестілеу аяқталғаннан кейін Комиссия мүшелері мектеп ғимаратында жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндері жұмыстарынан басқа білім алушылардың жұмыстарын тексереді.

Тексерілмеген жұмыстар мектеп басшысына сақтау үшін тапсырылады. Тексеру кезінде қателердің асты сызылады. Жалпы орта білім курсы бойынша эссе де қателердің саны жеке көрсетіледі.

Математика (алгебра) бойынша "2" және "5" деген бағаға бағаланған жазбаша жұмысқа мектеп Комиссиясы рецензия береді.

9 (10) және 11 (12) сыныптарда жұмыстар балдарды қою схемасына сәйкес тексеріледі.

72. Мектептердің барлық сыныптарындағы жазбаша емтихан жұмыстары Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен таңертенгі сағат 10:00-де басталады.

73. Тест тапсырмаларының саны және нысаны, тестілеуге арналған жауап паралының нысаны әр пән, бейін және оқыту тілі бөлінісінде жасалған тест ерекшеліктерімен анықталады. Аттестаттау қорытындысы ерекшеліктерін "НЗМ" ДББҰ әзірлейді.

74. 9 (10) және 11 (12) сыныптарда пәндер бойынша қорытынды аттестаттау өткеннен кейін Комиссия білім алушыларға балдарды және емтихан бағаларын қояды

және оларды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу курсы емтиханының қағаз және электронды хаттамасына енгізеді.

9 (10) және 11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері балл түрінде журналға (қағаз/электрондық) қойылады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес емтихан балдарын емтихан бағасына ауыстыру шекілі бойынша ауыстырылады.

75. Оқу сабактары ұйымдастырылған емдеу мекемесінде емделіп жатқан білім алушыларға қорытынды баға қою кезінде олардың осы емдеу мекемесінің жанындағы мектепте (сыныпта немесе топта) алған тоқсандық (жартыжылдық) және жылдық бағалары ескеріледі.

76. Білім алушы жазбаша өтінішінің негізінде мектептің Комиссиясы мүшесінің қатысуымен өзінің жазба жұмысын тексеру нәтижелерімен танысады.

77. Кезекті емтиханнан "2" деген баға алған 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары келесі емтиханға жіберіледі.

78. 9 (10) және 11 (12) сыныпта пән бойынша қорытынды бағаларды шығару кезінде қорытынды баға емтихан нәтижелері (бес балдық шекіл бойынша) және оқу жылдындағы тоқсандық бағалар (бес балдық шекіл бойынша) 30:70 арақатынаста қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын бүтін санға жүргізіледі.

Егер 11 (12) сыныптарда инварианттық компоненттің тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндері таңдалмаған жағдайда, жалпы орта білім туралы аттестатқа осы пәндер бойынша 9-сыныпта алған қорытынды бағалары қойылады.

79. Жазбаша емтиханға қойылған бағалармен келіспеген жағдайда білім алушы емтихан бағасы жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін мектеп, "НЗМ", аудандық, қалалық білім бөлімдері, білім басқармалары, сондай-ақ республикалық мектептердің білім алушылары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жанынан құрылған тиісті комиссияға апелляцияға өтініш береді.

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияға өтінішті тиісті Комиссия тек тапсырмалардың мазмұны және/немесе техникалық себептер бойынша қабылдайды және 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады. Нақты тапсырма бойынша дәлелді негіздеме (толық түсіндірме) көрсетілмей өтініштер қарауға жатпайды.

Апелляция бойынша өтініштер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияға өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

Апелляцияға өтініштер бойынша шешім осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

80. Қорытынды аттестаттау өткізу үшін ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Комиссия мектеп директорының бүйрығымен мектептер жанында, "НЗМ" ДББҰ Басқарма тәрағасының бүйрығымен "НЗМ" жанында, білім бөлімі басшысының бүйрығымен аудандық, қалалық білім бөлімдері жанында, басқарма басшысының бүйрығымен білім басқармалары жанында және Министрдің бүйрығымен Министрлік жанында (республикалық мектептер үшін) құрылады.

81. Мектеп жанынан құрылған Комиссия құрамына пән мұғалімдері және мектеп директорының орынбасарлары (болған жағдайда), қоғамдық ұйымдардың (болған жағдайда) және ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. Комиссияны мектеп директоры немесе оның орнын алмастыруши тұлға басқарады.

Мектеп жанындағы Комиссия мүшелерінің саны негізгі және орта мектепте бір бітіруші сынып-кешен болған кезде кемінде бес адамнан және негізгі және орта мектепте екі және одан көп бітіруші сынып-кешен болған кезде кемінде жеті адамнан тұрады.

82. Аудандық, қалалық білім бөлімі жанындағы Комиссия құрамына пән мұғалімдері, білім бөлімдерінің, қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар комитетінің өкілдері, сондай-ақ білім белгілі қызметкерінің арасынан тағайындалған хатшы енеді. Комиссияны білім бөлімінің басшысы немесе оның орнын алмастыруши тұлға басқарады.

83. Білім басқармасы жанындағы Комиссия құрамына пән мұғалімдері, білім басқармасының мамандары, қоғамдық ұйымдардың және ата-аналар комитеттерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ білім басқармасы қызметкерлерінің арасынан тағайындалған хатшы кіреді. Комиссияны білім басқармасының басшысы немесе оның орнын алмастыруши тұлға басқарады.

84. Министрлік жанындағы Комиссия құрамына пән мұғалімдері, Министрлік және Министрлікке ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың және ата-аналар комитеттерінің өкілдері, сондай-ақ Министрлік қызметкерлері арасынан тағайындалған хатшы енеді. Комиссияны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі немесе оны алмастыруши адам басқарады.

85. Мектеп жанынан қалыптастырылған Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар үшін қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) 11 (12) сынып білім алушыларының таңдаған пәндерінің тізбесін көрсете отырып қорытынды аттестаттау тапсыратын 11 (12) сынып білім алушыларының тізімін қалыптастыру және ағымдағы жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде ҰТО филиалына жолдау;

3) қорытынды аттестаттау өткізу, сондай-ақ қорытынды аттестаттауға білім алушыларды даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

4) 9 (10) сынып білім алушыларының және жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндерінен басқа 11 (12) сынып білім алушыларының жазбаша емтихан жұмыстарын қарау;

5) жазбаша емтихан жұмыстары аяқталғаннан кейін Хаттаманың электронды нұсқасын білім бөлімдеріне немесе басқармаларына жолдау;

6) тестілеу нәтижелерін беру және пайдалану;

7) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстарын білім басқармалары жанынан қалыптастырылған Комиссия қарауына (республикалық мектептер Министрлік жанынан қалыптастырылатын Комиссия қарауына) білім бөлімдері арқылы жолдау;

8) осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген Тестілеу балдарын жалпы орта білім туралы аттестаттың бағаларына ауыстыру шәкіліне сәйкес тестілеу нәтижелерінің балдарын бағаларға ауыстыру;

9) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және шешім қабылдау.

86. Аудандық, қалалық білім бөлімі жанынан қалыптастырылатын Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

3) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстарын білім басқармасы жанынан қалыптастырылатын Комиссия қарауына жолдау;

4) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау.

87. Білім басқармасы жанынан қалыптастырылатын Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ағымдағы жылғы 10 наурызға дейінгі мерзімде таңдалған пәндер тізбесін көрсете отырып, жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткерлердің жиынтық тізімін "НЗМ" ДБҰ-ға жіберу;

2) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

4) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы

Қағидалардың 41-тармағының 1) тармақшасында айқындалған оқу пәнінен жазбаша емтихан жұмыстарын қарау;

5) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау нәтижелерін мектептерге жолдау;

6) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау.

88. Білім басқармалары жанынан қалыптастырылатын Комиссиялар келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды үйымдастыру;

3) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстарын қарау;

4) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау нәтижелерін мектептерге жолдау;

5) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау.

89. "НЗМ" жанынан құрылған Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткерлер, олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдерінің үшін қорытынды аттестаттауды өткізу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) осы Қағидалардың 41-тармағының 2) тармақшасында айқындалған оқу пәні бойынша жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткерлердің қорытынды аттестаттаудан өткізу бойынша жұмысты үйымдастыру;

3) осы Қағидалардың 41-тармағының 2) тармақшасында айқындалған оқу пәні бойынша жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау;

4) апелляцияға келіп түскен өтініштердің негізділігін қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

5) қорытынды шығару және Комиссия отырысының хаттамасын бекіту;

6) Комиссия отырысының хаттамасын тиісті өнірлердің білім басқармаларына жолдау.

90. Министрлік жанынан қалыптастырылатын Комиссия келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында қорытынды аттестаттау өткізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) қорытынды аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды үйымдастыру;

3) республикалық мектептердің жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын алуға үміткерлердің осы Қағидалардың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған оқу пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстарын қарау;

4) жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестатын және "Алтын белгі" белгісін алуға үміткерлердің жазбаша емтихан жұмыстарын қарау нәтижелерін білім басқармаларына, республикалық мектептерге жіберу;

5) апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау.

91. Жұмыстардың қорытындысын шығару және "Алтын белгі" белгісімен марапатталған білім алушылардың тізімін бекіту туралы шешімді қабылдау жөніндегі мектеп жанынан қалыптастырылған Комиссияның қорытынды отырысы тиісті жылдың 14 маусымынан кешіктірілмей өткізіледі.

92. Негізгі орта білім туралы үздік аттестат, жалпы орта білім туралы үздік және жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаттарын және "Алтын белгі" белгісін иеленген білім алушылардың тізімі мектеп директорының бүйрекімен бекітіледі.

93. Білім басқармалары және республикалық мектептер білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижесі туралы қорытынды мәліметтерді Министрлікке ағымдағы жылғы 1 шілдеден кешіктірмей ұсынады.

94. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері ағымдағы жылғы тамызда оқу жылышын жұмыс қорытындылары бойынша мектеп жанынан құрылған Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен педагогикалық кеңесте талқыланады. Педагогикалық кеңес оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдайды.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
орталық мектептердің оқу жылғы  
аттестаттарын және қорытынды  
шешімдерін қабылдаудың  
1-кесе

### Балдарды бағаға ауыстыру шекілі

2-11 (12) сыныптардағы балдардың пайыздық мазмұны (%)	Баға
0- 39	қанагаттанарлықсыз - "2"
40 - 64	қанагаттанарлық - "3"
65 - 84	жақсы - "4"
85 - 100	өте жақсы - "5"

Бастауыш, негізгі орта, жалпы

орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттесттаттау жүргізудің үлгі қағидаларына  
2-қосымша

## "НЗМ" ДББҰ бітірушілерінің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шекілі

№	Пәндер	“НЗМ” ДББҰ бітірушілері үшін						
		U (1)	E (2)	D (3)	C (4)	B (5)	A (6)	A* (7)
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	6	10	13	16	18	19	20
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	14	23	29	36	41	44	45
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	6	10	13	16	18	19	20
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	14	23	29	36	41	44	45
5	Қазақстан тарихы	5	8	10	12	13	14	15
6	Математика (математикалық сауаттылық)	5	8	10	12	13	14	15
7	Математика (бейіндік пән)	14	23	29	36	41	44	45
8	Бейіндік пәндер	14	23	29	36	41	44	45

\* Ең жоғарғы нәтиже

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды

аралық және корытынды  
аттестаттау жүргізудің  
үлгі қағидаларына  
3-қосымша

**Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамасы**

бойынша Қазақстан Республикасы  
(оку пәнінің атауы)

(облыстың атауы)

(аудан атауы)

(қала (ауыл) атауы)

(мектеп атауы)

Емтихан комиссиясының құрамында:

Емтихан комиссиясы төрағасының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Емтихан алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

я \_\_\_\_\_

Ассистенттің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Емтиханға келді:

Білім алушылардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Емтиханга келген жок:

Білім алушылардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Емтихан \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта басталды.

Емтихан \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта аяқталды.

Емтихан нәтижелері бойынша мынадай бағалар қойылды:

№	Емтихан тапсырушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Балл (жазумен)	Емтихан бағасы (жазумен )
1			
2			

Емтиханды өткізу күні: " \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Бағаны хаттамаға енгізу күні: " \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы

Емтихан алушы мұғалім \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы

Асистенттер \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы

Ескерту: ұқсас Хаттаманың электронды нұсқасы қағаз нұсқамен бірдей қолданылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
орта білімнің білім беретін оку  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру үйымдарындағы білім  
алушылардың үлгеріміне  
ағымдық бақылаудың, оларды  
аралық және қорытынды  
аттесттаттау жүргізуудің  
үлгі қагидаларына  
4-қосымша

## 9 (10) және 11 (12) сыйнып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шекілі

Баға	Максимальды балл 30 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 40 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 50 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 60 болған пәндер үшін балдар
"2"	0-11	0-15	0-19	0-23
"3"	12-19	16-25	20-32	24-38
"4"	20-25	26-33	33-42	39-50
"5"	26-30	34-40	43-50	51-60

Бастауыш, негізгі орта, жалпы  
орта білімнің білім беретін оку  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру үйымдарындағы білім  
алушылардың үлгеріміне  
ағымдық бақылаудың, оларды  
аралық және қорытынды  
аттесттаттау жүргізуудің  
үлгі қагидаларына  
5-қосымша

НЫСАН

## Апелляцияға етініш

Мен \_\_\_\_\_ пән(дер) бойынша жазбаша жұмыс нәтижесімен  
келіспеймін

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Келесі негіздер бойынша: \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ тапсырмадан алған балдар санын қайта қарастырымай.

Күні  
Қолы

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгі қағидаларына  
6-қосымша

## НЫСАН

### Апелляцияға өтініштерді тіркеу журналы

№	Білім алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда )	Класс, оқыту тілі	Апелляция берілген пән(дер )	Өтініш беру уақыты	Білім алушының қолы
1.					
2.					
...					

Комиссия мүшесі

(Т.А.Ә., қолы)

Толтырылған күні

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізуудің үлгі қағидаларына  
7-қосымша

## НЫСАН

### Апелляцияға берілген өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша комиссия отырысының хаттасы

Қала \_\_\_\_\_

Емтихан орталығы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Комиссия құрамы:

Тәраға: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

Күн тәртібі: \_\_\_\_\_ пән бойынша жазбаша емтихан үшін қойылған бағамен  
келіспеу туралы \_\_\_\_\_ білім алушының

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

өтінішін қарау.

Апелляцияға дейінгі емтихан бағасы – \_\_\_\_\_ балл.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2008 жылғы 18 наурыздағы  
№ 125 бұйрығына  
2-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы білім  
алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды атtestаттауды  
өткізу үлгі қағидалары**

**Ескерту. Қағида жана редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 28.08.2020 №  
373 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу үлгі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу үлгі қағидаларынан айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) біліктілік емтиханы – теориялық және практикалық дайындықтың, тәжірибе мен құзыреттіліктің жеткілікті екендігін объективті айқындауға, олардың талаптарға сәйкестігін бағалауға және біліктілік деңгейін беруге мүмкіндік беретін рәсім;

2) біліктілік комиссиясы – техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының білім алушыларына бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульді игеру қорытындылары бойынша жұмысшы біліктілігін беру рәсімін өткізу үшін құрылатын алқалы орган;

3) білім алушыларды аралық атtestаттау - білім алушылардың бір оқу сабакының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) білім алушыларды қорытынды аттестаттау - олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабактарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін менгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау –оқытушының пәнді және (немесе) модульді оқыту бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабак барысында өткізген білім алушылардың білімін жүйелі тексеруі;

6) дипломдық жұмыс (жоба) –білікті жұмысшыларды, орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлайтын бағдарламалар бойынша білім алатын студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысы;

7) қорытынды аттестаттау комиссиясы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне қорытынды аттестаттау өткізу үшін құрылатын алқалы орган;

8) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық–рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған сандық эквивалентті әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі.

3. Білім алушылардың білімін бағалау цифрлық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: (5-"өте жақсы", 4-"жақсы", 3-"қанағаттанарлық", 2-"қанағаттанарлықсыз").

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілік) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемуіне қарай, "A" - дан "D"-ға дейін, "қанағаттанарлықсыз" - "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

## **2-тарау. Білім алушыларды ағымдағы бақылаудан және аралық аттестаттаудан өткізу**

4. Білім беру ұйымдары білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізудің нысандарын, тәртібін және кезеңділігін дербес таңдайды.

Ағымдағы бақылау пәндер және (немесе) модульдер бойынша практикалық және семинарлық сабактар жоқ болған жағдайда, оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмалар, рефераттар) тексеруі арқылы, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалардың пәндер және (немесе) модульдер бойынша үлгеріміне ағымдағы бақылау психофизикалық даму ерекшеліктері ескеріле отырып жеке тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Қашықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) арқылы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау:

1) білім алушы мен оқытушының телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып онлайн немесе оффлайн режимінде тікелей қарым-қатынасы;

2) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

3) жеке тапсырмаларды тексеру (білім алушылардың электрондық поштасына, мессенджерлеріне тапсырмалар беру) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып анықтайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Оқу жоспарына сәйкес оқыту дәрістік курспен шектелетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша міндепті бақылау жұмыстары болмаған жағдайда, үлгерімді ағымдағы бақылау жүзеге асырылмайды. Пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін білім беру үйымдарының алқалы органы айқындайды.

6. Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесі мен нысанын оқу жұмыс жоспарларына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары белгілейді және оқу жылynyң басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі.

ҚО арқылы аралық аттестаттау өткізу кезінде мынадай нысандар қолданылады:

1) тапсырманы орындауға кететін уақытты шектеу мүмкіндігі бар автоматтандырылған тест жүйелерін қолдана отырып тестілеу;

2) жеке жобаны орындау (онлайн, оффлайн);

3) практикалық, шығармашылық тапсырманы орындау (онлайн, оффлайн);

4) емтиханды онлайн режимінде тапсыру (ауызша немесе жазбаша түрде).

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары таңдаған пән бойынша емтихан өткізуді көздейді.

Білім алушыларға жұмысшы біліктілігін беруге арналған аралық аттестаттау өткізу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары басшысының бұйрығымен біліктілік комиссиясы құрылады.

Жұмысшы біліктілігін беру туралы куәлік беру туралы шешім осы біліктілік бойынша жұмыс түрлерін орындау жөніндегі біліктілік емтиханы негізінде қабылданады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарындағы білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және

емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі.

Курстық жобалар (жұмыстар) аталған пән және (немесе) модуль бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін пәннің және (немесе) модульдің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды аралық аттестаттау емтихандар және/немесе сынақтар нысанында өткізіледі.

8. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарында аталған пән және (немесе) модуль бойынша емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде аралық аттестаттау қарастырылмаса, сынақтар келесі семестрге ауысқан пәндер және (немесе) модульдер бойынша өткізіледі.

Сараланған бағалармен ("үздік", "жақсы", "қанағаттанарлық" және "қанағаттанарлықсыз") өткізілетін сынақтар курстық жобалар (жұмыстар), кәсіптік практика бойынша, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша жүргізіледі.

9. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәннің және (немесе) модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады

10. Білім алушыларды аралық аттестаттауға даярлау кезеңінде консультацияға бөлінген жалпы бюджет уақыты есебінен консультация өткізіледі.

11. Білім алушыларды емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін:

1) емтихан билеттері (емтихандық бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары, ситуациялық тапсырмалар;

2) емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, анықтама сипатындағы материалдар, нормативтік құжаттар мен техника үлгілері;

3) оқу және технологиялық карталар;

4) спорт залдары, жабдықтар, мүкәммалдар;

5) емтихан ведомосы дайын болуы қажет.

12. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдау) оқытушы және (немесе) аталған пән және (немесе) модуль бойынша семестр бойы сабак берген оқытушылар не білім беру ұйымы басшысының тапсырмасы бойынша осы пәннің және (немесе) модульдің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар оқытушы жүзеге асырады.

13. Аралық аттестаттауға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі.

Емтиханға 1-2 пәннен және (немесе) модульден қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушы білім беру үйымы басшысының рұқсатымен, ал екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңестің шешімімен жіберіледі.

14. Аралық аттестаттауды өткізу кезінде емтихан билеттері бойынша тапсырмаларды орындау үшін:

әрбір білім алушыға ауызша емтиханға 25 (жырма бес) минуттан көп емес; жазбаша емтиханды өткізуге:

1) әдебиет (шығарма) бойынша 6 астрономиялық сағаттан;

2) математика және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша 4 академиялық сағаттан;

3) мемлекеттік тіл және орыс тілі (мазмұндама) бойынша 3 астрономиялық сағаттан;

4) мемлекеттік тіл және орыс тілі бойынша (диктант) 2 астрономиялық сағаттан көп емес уақыт бөлінеді.

Жазбаша емтихан жұмыстары (тест тапсырмалары) білім беру үйымының мөртбаны қойылған қағаздарда орындалады.

15. Тыңдауға, оқу жұмыстарын қарауға, спорт көріністеріне байланысты арнайы пәндер, модульдер бойынша емтихандарды тиісті әдістемелік пәндік және циклдық комиссиялардың, кафедралардың, бөлімдердің оқытушылары қабылдайды. Оларды өткізу үшін нақты жұмсалатын, бірақ бір оқушыға бір академиялық сағаттан аспайтын уақыт қарастырылады.

16. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымы басшысының рұқсатының (оқу ісі, әдістемелік жұмыстар жөніндегі басшының орынбасарынан, білім менгерушісі мен пәндік-циклдік комиссияның төрағасынан (төрайымынан) басқа) бөгде адамдардың қатысуына болмайды.

17. Сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беретін оқу орнының басшысы оны тапсыруға жеке мерзімді білім беру үйимдарының бекітілген бұйрығымен белгілейді.

18. "Қанағаттанарлықсыз" (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық рұқсат етілмейді.

Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға пәнді жүргізетін оқытушыға, модуль шенберінде оқытушыларға белгіленген мерзімде білім менгерушісі жазбаша түрде рұқсат берген жағдайда жіберіледі (немесе сабак беретін оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің (модульдің) бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады).

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша 2-ден аспайтын "қанағаттанарлық" бағасы бар білім алушылар үшін бөлім менгерушісінің (директор орынбасарының) жолдамасы бойынша бағаны неғұрлым жоғары деңгейге қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

19. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үштен астам "қанағаттанарлықсыз" бағасы бар білім алушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимы басшысының бұйрығымен білім беру үйимынан шығарылады, оған белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

20. Белгіленген курсағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимы басшысының бұйрығымен көшіріледі.

21. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды.

22. Ағымдағы оқу сабактарынан қол үзбей, аралық аттестаттау емтихандарын мерзімінен бұрын тапсыруға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары басшысының бұйрығымен:

1) ағымдағы семестрдің пәндері және (немесе) модульдері бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес зертханалық, практикалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды "өте жақсы" деген бағаға тапсырған;

2) белгіленген мерзімде аралық аттестаттаудан өтүге мүмкіндігі жоқ (тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептер бойынша) білім алушылар жіберіледі.

### **3-тaraу. Білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу**

23. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттау, медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қоспағанда, жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғауды немесе дипломдық жұмысты орындауды және қорғауды қамтиды.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде менгерген білім алушылар жіберіледі.

ҚО арқылы қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде білім беру ұйымы білім алушылардың жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз етеді, оның тәсілін ұйым дербес таңдайды және оны өткізу тәртібінің сақталуын бақылайды.

Білім алушыларды сәйкестендіру білім алушының жеке басын бейне камера алдында ашық түрде ұсынылған жеке басын қуәландыратын құжаттың деректерімен визуалды салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар байланыс жабдықтары мен арналарына қойылатын техникалық талаптар туралы алдын ала хабардар етіледі. Білім беру ұйымы білім алушылардың техникалық мүмкіндігіне байланысты алдын ала тексеру арқылы көз жеткізеді.

Компьютерлік тестілеу ақпараттық жүйелерге енгізілген құралдардың көмегімен немесе жеке құралдардың көмегімен өткізіледі. Тестілеу процесі автоматтандырылған. Тестілеу нәтижелерін автоматтандырылған өндеу және сақтау қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

24. Дипломдық жобаны (жұмысты) жұмысшы біліктілігі бойынша білім алатын студенттер, сондай-ақ жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, экономикалық және шығармашылық мамандықтар бойынша білім алушылар орындаиды және ол бітірушілердің арнайы теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелеуге, қорытындылауға және тексеруге бағытталған.

Дипломдық жобаны (жұмысты) орта буын маманын, қолданбалы бакалавр дайындау кезінде техникалық, технологиялық және шаруашылық мамандықтар бойынша білім алатын студенттер орындаиды, және ол кейбір техникалық құралдар мен технологиялар жасауды немесе олардың есебін болжайды.

25. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бүйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары

өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен 35% арақатынасында құрылады.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды атtestаттау комиссиясының құрамына қосымша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың өкілдері кіреді.

26. Комиссия қорытынды атtestаттауды өткізу кезеңінде қорытынды атtestаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылады.

27. Комиссия:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларында белгіленген білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігін;

2) білім алушылардың өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша нақты білім, іскерлік деңгейін және практикалық дағдыларын, кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

28. Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспайды.

29. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды атtestаттау, оның ішінде ҚО арқылы қорытынды атtestаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және МЖМБС белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қорытынды атtestаттау медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйымдармен келісілген мерзімде өткізіледі.

Қорытынды атtestаттау басталғанға дейін, оның ішінде қорытынды атtestаттауды өткізу тәртібі, жұмысты ресімдеу қағидалары, жұмыстың орындалу ұзақтығы, қорытынды атtestаттау нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция беру тәртібі туралы нұсқаулық өткізіледі.

Білім алушыларды қорытынды атtestаттау өткізу тәртібімен таныстыруды білім беру ұйымы кемінде 20 жұмыс күні бұрын жүзеге асырады.

Білім алушыларды қорытынды атtestаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

ҚО арқылы қорытынды атtestаттау өткізу қорытынды атtestаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей білім беру ұйымы басшысының атына берілетін жеке өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында ҚО арқылы қорытынды атtestаттау өткізу үшін орынжайлар:

- 1) білім алушыларды үздіксіз бейне және аудио бақылау, бейнежазба жүргізуді;
- 2) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау кезінде білім алушылардың презентациялық материалдарын көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті жабдықтар жиынтығымен жарақтандырылады.

ҚО арқылы қорытынды атtestаттауға қатысатын білім алушылар ресімнің тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдармен және бағдарламалармен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Комиссияға мынадай материалдар мен құжаттар ұсынылады:
  - 1) мамандық бойынша оқу жұмыс жоспары;
  - 2) техникалық және кәсіптік білім беру үйыми басшысының білім алушыларды қорытынды атtestаттауға жіберу туралы бұйрығы;
  - 3) білім алушылардың қорытынды бағаларының жиынтық ведомосы;
  - 4) оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтиханға енгізілген емтихан билеттерінің жиынтығы мен сұрақтар тізбесі;
  - 5) денсаулық сақтау кадрларын даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестікпен келісілген медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған тест тапсырмаларының техникалық ерекшеліктері мен клиникалық станциялар тізімі;
  - 6) күндізгі нысанында оқитын білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды атtestаттау мерзімін жылжытуға құқығын растайтын құжаттар;
  - 7) сырттай нысанында оқитын білім алушының денсаулық жағдайына және (немесе) жұмыс орнынан дәлелді құжаттар ұсынылғанына байланысты қорытынды атtestаттау мерзімін жылжытуға құқығын растайтын құжаттар.

31. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының білім алушыларын қорытынды атtestаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыру немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғау немесе дипломдық жұмысты орындау мен қорғау нысанында өткізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін қорытынды атtestаттау олардың денсаулық жағдайына теріс факторлардың әсерін болдырмайтын және білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына жауап беретін жағдайларда өткізіледі.

ҚО арқылы қорытынды атtestаттау нақты уақыт режимінде (онлайн) өткізіледі. Білім беру үйымдары тарарапынан қорытынды атtestаттаудың бағдарламалық құралдарын ұсынуға және техникалық қолдауға жауапты білім беру үйимы

басшысының бұйрығымен айқындалған тұлға болып табылады, ол қорытынды аттестаттауды өткізудің техникалық шарттарын тексеруді басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жүргізеді.

Пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі.

ҚО арқылы қорытынды аттестаттау өткізу кезінде білім алушының жеке басын міндепті түрде сәйкестендіруді және кешенді емтихандарды өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыра отырып, компьютерлік тестілеу нысанында кешенді емтихандар өткізу қарастырылады.

Диплом жобасын (жұмысын) қорғау қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі комиссияның ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде 2/3-сінің қатысуымен өткізіледі. Бір дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау ұзақтығы бір білім алушыға 30 (отыз) минуттан аспайды. Диплом жобасын (жұмысын) қорғау үшін білім алушы ұзақтығы 10 (он) минуттан аспайтын баяндама жасайды.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар қорғауға жіберілген дипломдық жобаларды (жұмыстарды) рецензиялармен және презентациялық материалдармен ұсынады.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауды өткізу уақыты кестемен анықталады және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын білім алушылардың назарына жеткізіледі.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау, оның ішінде ҚО арқылы қорғау презентация түрінде өтеді.

ҚО арқылы дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау процесі үзілген жағдайда, білім алушы оны жалғастыру туралы өтінішпен деру басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарына немесе оқу бөлімінің менгерушісіне жүгінеді.

Ауызша қорытынды емтиханның ұзақтығы бір білім алушыға 15 (он бес) минуттан аспайды.

Қорытынды емтиханды ҚО арқылы өткізу кезінде жұмыстарды белгіленген уақыттан бұрын орындаған жағдайда, Комиссия төрағасының рұқсатымен бейнеконференцбайланыс сеансын мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қорытынды аттестаттау өндірістік оқыту бойынша практикалық жұмысты тапсыру нысанында орындалатын іс-әрекеттерді түсіндіре отырып, басшының міндепті түрде қатысуымен өткізіледі. Практикалық жұмысты қорғау үшін білім алушы жұмыстың орындалу кезендері туралы ұзақтығы 15 (он бес) минуттан аспайтын баяндама жасайды. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде есту қабілеті бұзылған білім алушылар үшін сурдоаудармашы тартылады.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің барлық рәсімі бейнеге жазылады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Біліктілік емтиханы жұмыс берушілердің кәсіпорындары (ұйымдар, мекемелер) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында әрбір біліктілік бойынша қажетті жабдықпен жарактандырылған өндірістік аландар, зертханалар, шеберханалар немесе оқу орталықтары болған жағдайда, оқу орнының базасында өткізіледі.

33. Комиссияның шешімі бойынша ағымдағы оқу жылында тиісті оқу пәні және (немесе) модуль бойынша емтихан тапсыруға/дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға мыналар:

1) қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже алғандар;

2) дәлелді себеппен қорытынды аттестаттауға келмеген (денсаулық жағдайына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) білім алушылар қайта жіберіледі.

Қайта отырысты өткізу мерзімін комиссия айқындейдь.

Қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән және (немесе) модуль бойынша ғана жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша білім алушыға сол жұмысты тиісті пысықтаумен қайта қорғауға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік беріледі.

Оң бағаны көтеру мақсатында қорытынды емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға жол берілмейді.

34. Диплом жобасын (жұмыс) қайта қорғаудан немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсын толық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

35. Жекелеген жағдайларда, белгіленген мерзімде қорытынды аттестаттаудан өтуге мүмкіндігі жоқ (денсаулық жағдайына, әскери қызметке шақырылуына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) білім алушыларға оқу процесінің кестесіне сәйкес қорытынды аттестаттау басталатын күнге дейін екі айдан ерте емес мерзімде қорытынды аттестаттауды (сессияны мерзімінен бұрын тапсыру немесе ұзарту) жеке тапсыруға рұқсат етіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері жанындағы білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттауды мерзімінен бұрын тапсыруға, жазасын өтеуден босату туралы мәселе шешілген жағдайда, оқу процесінің кестесіне сәйкес қорытынды аттестаттау басталатын күнге дейін үш айдан ерте емес мерзімде жол беріледі.

Дәлелді себептермен қорытынды атtestаттауға келмеген білім алушы қорытынды атtestаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады және себебін растайтын құжатты ұсынады. Оң шешім алған жағдайда, білім алушы қорытынды атtestаттау комиссиясы отырысының қорытынды атtestаттауды өткізу кестесінде көзделген басқа күні емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жобаны (жұмысты) қорғайды.

Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.

Қорытынды атtestаттауды ҚО арқылы өткізу кезінде техникалық ақаулықтар туындаған жағдайда, білім алушыға басқа күні және (немесе) басқа уақытта қорытынды атtestаттаудан өту мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда техникалық хатшы электрондық акт ресімдейді және актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Қорытынды атtestаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Қорытынды емтихандарды тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

Қорытынды атtestаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушылар апелляцияға өтінішті ол өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Ерекше жағдайларда (оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында уәкілетті органның шешімі бойынша ҚО арқылы оқыту кезінде) қорытынды атtestаттауға қатысушылардың іс-әрекеттеріне байланысты емес өзге де мән-жайлар туындаған кезде, Комиссия осы Қағидалардың 31 -тармағына сәйкес қорытынды атtestаттауды өткізу нысанын өзгерту және қорытынды атtestаттаудың нәтижелерін айқындау жөнінде шешім қабылдайды.

Қорытынды атtestаттауды ҚО арқылы өткізу кезінде нәтижелерді есепке алу электрондық-цифрлық нысанда жүзеге асырылады. Бұл ретте қорытынды атtestаттау туралы мәліметтерді қағаз тасымалдағышта сақтау міндетті болып табылады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Оқу пәндері және (немесе) модульдер, курстық жобалар (жұмыстар) бойынша, оқу жоспарларының тәжірибелері бойынша есептердің сынақтар мен емтихандарының кемінде оқу бағдарламаларының кемінде 75 пайзыны "жақсы" бағалармен ал қалғандарын – "жақсы" бағалармен тапсырған және игерген және дипломдық

жұмысты (жобаны) және (немесе) емтихандарды "жақсы" деген бағамен қорғаған білім алушылар, білім беру үйымының қорытынды аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша үздік диплом беріледі.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім беру бағдарламасын "A", "A-", "B+", "B", "B-" бағаларымен игерген және тапсырған және оқудың барлық кезеңінде үлгерімінің орташа балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды "A", "A-" бағаларымен тапсырған білім алушыларға, оқудың барлық кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсыру болмаған жағдайда, үздік диплом беріледі.

38. Біліктілік деңгейін көрсете отырып диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар және (немесе) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау нәтижелері негізінде қабылданады.

39. Комиссияның тәрағасы екі апталық мерзімде аттестаттау аяқталысымен аттестаттау қорытындысы туралы есеп дайындауды.

40. Комиссия тәрағасының есебінде: білім алушылардың аталған мамандық (кәсіп) бойынша даярлық деңгейі; білім алушылардың емтиханда анықталған біліміне сипаттама; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген сұрақтары бойынша білім алушылардың даярлығында кездесетін кемшіліктер; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері (мамандықтары) бойынша білікті кадрлар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

41. Комиссия тәрағасы педагогикалық кенеске комиссия жұмысының қорытындылары туралы баяндайды.

Техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі білім беру  
ұйымдарындағы білім  
алушылардың үлгеріміне  
ағымдағы бақылауды,  
аралық және қорытынды  
аттестаттауды өткізу дің  
үлгі қағидаларына  
қосымша

### **Төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	

C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық Қанағаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2008 жылғы 18 наурыздагы  
N 125 бұйрығымен  
бекітілген

**Жоғары оку орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары**

**Ескерту. Қағида алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 25.09.2018 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК